

## Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тілді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Әділет министрінің 2001 жылғы 24 тамыздағы N 105 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1636. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 11 шілдедегі № 259 бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2011.07.11 № 259 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 U010550\_ Жарлығымен бекітілген, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін жағдай жасау мақсатында

### Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

#### 1. Қоса беріліп отырған:

##### 1) Қазақстан Республикасының әділет органдары қызметкерлерінің

мемлекеттік тілді оқу және мемлекеттік тілді білу деңгейін тексеру қағидалары;

2) Мемлекеттік тілді үйреніп жүрген қызметкерлер арасында конкурс өткізу қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының әділет органдарында және соттарында мемлекеттік тілді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 34 бұйрықтың күші жойылды деп танылсын.

3. Ішкі әкімшілік департаментінің директоры осы бұйрықты құрылымдық бөлімшелердің, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, аумақтық әділет органдарының барлық қызметкерлерінің назарына жеткізсін.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау Әділет Вице-Министрі Ә.Толқаншыновқа жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2001 жылғы 24 тамыздағы  
N 105 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының әділет органдары  
қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту және мемлекеттік тілді  
білу деңгейін тексеру қағидалары

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы әділет органдарының қызметкерлеріне мемлекеттік тілді тегін оқыту және олардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін тексеру тәртібін реттейді.

2. Әділет органдарының мемлекеттік тілді мемлекеттік тілде құжаттар әзірлей алатын, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізе алатын деңгейде білмейтін қызметкерлері осы Қағидалармен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тілді оқуға қ ұ қ ы л ы .

3. Оқыту әділет органдары қаражаты есебінен, жұмыс уақытында немесе қызметкерлер үшін қолайлы басқа уақытта мемлекеттік тілді үйрену курстарында (бұдан әрі - курстар) жүргізіледі.

Қызметкер мемлекеттік тілді өз қаражаты есебінен өзге жағдайларда оқуға қ ұ қ ы л ы .

4. Мемлекеттік тілді білу деңгейіне қарай, қызметкерлердің өтініштері негізінде мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) бастауыш - мемлекеттік тілді білмейтін қызметкерлерден құрылады;
- 2) жалғастырушы - мемлекеттік тілді тұрмыстық әңгімелесу деңгейінде ғана білетін қызметкерлерден құрылады;
- 3) тереңдетіліп оқытылатын - мемлекеттік тілді еркін білетін, бірақ құжаттарды тікелей мемлекеттік тілде дайындай алатын деңгейге жетпеген қызметкерлерден құрылады.

5. Әр топтағы оқушылардың саны 15 адамнан аспауы тиіс.

6. Курстардағы сабақтар 1 қыркүйектен 31 мамыр аралығында жүргізіледі және әр топ үшін аптасына екі реттен жиі емес. Сабақтың ұзақтығы - 1 сағат.

7. Оқу бағдарламасын әр топ үшін қазақ тілінің оқытушысы әзірлейді және сол әділет органындағы мемлекеттік тілді дамыту мәселесімен айналысатын

құрылымдық бөлімшенің бастығы бекітеді.

8. Жыл сайын оқу аяқталған соң оқушылардың білім деңгейін тексеру мақсатында емтихан қабылданады.

9. Емтихан қабылдауды, құрамына әділет органдарының тиісті құрылымдық бөлімшелерінің білікті мамандары кіретін комиссия жүзеге асырады.

10. Емтихан қабылдау билет жүйесі бойынша жүргізіледі. Емтихан сұрақтарының, тапсырмаларының тізбесін комиссия бекітеді.

11. Комиссия қызметкердің білім деңгейін "қанағаттанарлық" немесе "қанағаттанғысыз" деп бағалайды.

Оң баға алған қызметкер комиссияның шешімі бойынша келесі оқу тобына өткізіледі; "қанағаттанғысыз" баға алған қызметкер сол бағдарлама бойынша қайталап оқиды.

12. Мемлекеттік тілді үйренуде оң нәтижелерге жеткен қызметкерлер белгіленген тәртіппен көтермеленуге жатады.

13. Емтихан нәтижелері бойынша комиссия отырысының хаттамасы және емтихан парағы жасалады, оларға комиссия мүшелері қол қояды және олармен оқушылар мен олардың басшыларын таныстырғаннан кейін әділет органының кадр қызметіне беріледі.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2001 жылғы 24 тамыздағы  
N 105 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік тілді үйреніп жүрген қызметкерлер арасында  
конкурс өткізу қағидалары

1. Мемлекеттік тілді білу конкурсы (бұдан әрі - конкурс) әділет органдарының мемлекеттік тілді үйреніп жүрген қызметкерлері арасында өткізіледі.

2. Конкурс мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, қызметкерлердің оқу процесінде алған білімдерін бекіту, мемлекеттің тіл саясатын насихаттау мақсаттарында өткізіледі.

3. Конкурс бағдарламасында тіл туралы заңдарды, қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасын білуіне, ауызша сөйлесе алуына, заң терминдерін білуіне және дұрыс қолдана білуіне конкурстық тапсырмалар болуы тиіс.

4. Конкурс жыл сайын, оқу жылы аяқталған соң, кезең-кезеңмен

маусымнан қыркүйекке дейін өткізіледі:

1) конкурстың бірінші кезеңі әрбір әділет органында мемлекеттік тілді оқып жүрген қызметкерлер арасында өткізіледі;

2) конкурстың екінші кезеңі сол облыстың, қаланың аумағында орналасқан әділет органдары арасында өткізіледі;

3) үшінші соңғы кезеңі - қыркүйек айында, Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні қарсаңында министрліктің құрылымдық бөлімшелері, аумақтық әділет органдары қызметкерлерінің командалары арасында өткізіледі.

5. Конкурс өткізу үшін комиссия құрылады, ол:

1) конкурс өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) конкурс өткізу тәртібін бекітеді;

3) конкурс тапсырмаларын бағалау критерийлерін белгілейді;

4) конкурстың қорытындысын шығарады, жеңімпаздарды марапаттайды;

5) белгіленген тәртіппен, мемлекеттік тілді білудің белгілі бір деңгейін көрсеткен қызметкерлерді көтермелеуге ұсыныс енгізеді.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.